



"2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін Қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күні қол қойылған N 1/369 Заемға Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму Қоры арасындағы Заем туралы келісімді ("Қарағанды-Астана жолы" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 ақпан N 172

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін Қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күні қол қойылған N 1/369 Заемға Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму Қоры арасындағы Заем туралы келісімді ("Қарағанды-Астана жолы" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін Қыжыраның 1421 жылғы

Шабан айының 5 күні қол қойылған N 1/369 Заемға Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму Қоры арасындағы Заем туралы келісімді ("Қарағанды-Астана жолы" жобасы) бекіту туралы

2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін Қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күні Астана қаласында қол қойылған N 1/369 Заемға Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму Қоры арасындағы Заем туралы келісімді ("Қарағанды-Астана жолы" жобасы) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Сауд Арабиясы Корольдігі
Сауд Даму Қоры

Сауд Даму Қоры
мен
Қазақстан Республикасы
арасындағы
Заем туралы келісім

("Қарағанды-Астана жолы" жобасы)

№ 1/369 Заем
2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін
Қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күні қол қойылды

№ 1/369 Заем

Заем туралы келісім

1) Жоғары мәртебелі Юсуф Бин Ибрагим Аль-Басам ұсынып отырған (бұдан әрі "Қор" деп аталатын) САУД ДАМУ ҚОРЫ, Эр-Рияд, Сауд Арабиясы Корольдігі

мен

2) Жоғары мәртебелі Болат Жәмішев Мырза ұсынып отырған (бұдан әрі "Заемшы" деп аталатын) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ арасындағы қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күнгі КЕЛІСІМ 2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келеді.

К І Р І С П Е Б Ө Л І М

(А) Заемшы сипатталуы осы Келісімнің N (2) қосымшасында келтірілген "Қарағанды-Астана жолы" жобасын (бұдан әрі "Жоба" деп аталады) қаржыландыруға көмек көрсету үшін Заем беру туралы Қорға өтініш жасағанын НАЗАРҒА АЛА
О Т Ы Р Ы П ;

(В) Заемшы Ислам Даму Банкінен (бұдан әрі "ИДБ" деп аталады) Заемшы мен ИДБ

арасында 2000 жылғы 29 ақпанда жасалған Заем туралы келісімнің (бұдан әрі "ИДБ заемы туралы келісім" деп аталады) шарттары мен ережелері негізінде Жобаның бөлігін қаржыландыруға көмек көрсету үшін жиырма миллион (20,000,000) АҚШ доллары сомасында заем алғанын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

(С) Дамушы елдерге олардың экономикасын дамытуда көмек көрсету және олардың жобалары мен даму бағдарламаларын орындау үшін талап етілетін заемдар беру Қордың мақсаты болып табылатынын НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

(D) Қор Жобаның маңыздылығына және оның Қазақстанның достық ықыласты

халқының экономикалық дамуына игі әсер ететініне кәміл сенетінін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП; және

(E) Қордың Директорлар Кеңесі жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, өзінің N 6/73/819 шешімімен Заемшыға төменде сөз болып отырған шарттар мен ережелер негізінде Заем беруге келісім бергенін НАЗАРҒА АЛА ОТЫРЫП;

ОСЫМЕН; ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП;

тараптар мыналар туралы келісті:

I БАП

Жалпы Шарттар; Анықтамалар

1.01-Бөлім

Осы Келісімде Тараптар Қордың директорлар Кеңесінің 1976 жылғы 26 шілдеге сәйкес келетін Қыжыраның 1396 жылғы Раджаб айының 29 күнгі N 11/14 шешімі бойынша жарық көрген Қордың Заем туралы келісімдерінде қолданылатын Негізгі Шарттардың барлық ережелерін, егер олар осы Келісімде (Қордың Заем туралы келісінде қолданылатын, бұдан әрі "Жалпы Шарттар" деп аталатын жоғарыда аталған Жалпы шарттар) толық баяндалса, сондай күшпен және қолданыспен қабылдайды.

1 . 0 2 - Б ө л і м

Анықтамасы осы Келісімнің Жалпы Шарттарында және Кіріспе Бөлігінде берілетін бірқатар терминдер осы Келісімде пайдаланылған әрбір жағдайда, егер контексте өзгеше көзделмесе, тиісінше оларда көрсетілген мағынаға ие болады және "Министрлік" термин Заемшының Көлік және Коммуникациялар министрлігін білдіреді.

II БАП

Заем

2.01-Бөлім

Қор Заемшыға Заем туралы келісімде сөз болған немесе айтылатын шарттар мен ережелерде қырық бес миллион (45,000,000) Сауд Арабиясы риалы сомасына Заем беруге келісті.

2.02 - Бөлім

Заемның сомасы осы Келісімнің N (1) Қосымшасының ережелеріне сәйкес және осындай Қосымшаға Қор мен Заемшы арасындағы келісім бойынша дүркін-дүркін түзетулер енгізілуі мүмкін және Сауд Даму Қорының Жоба үшін талап етілетін және заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтердің тиісті құнын қатысты орын алатын шығыстары (немесе, егер оған Қор келісім берсе, алдағы тұрған шығыстар) үшін Заем Қаражаты Шотынан Алу Рәсіміне сәйкес Заемның Шотынан алынуды мүмкін.

2.03 - Бөлім

Заемшы Заем қаражатын тек Жобаны орындау үшін талап етілетін тауарлар мен қызметтердің тиісті құнын қаржыландыру үшін ғана қолданады. Заемшы үшін осындай тауарлар мен қызметтерді сатып алу Қордың Тауарлар мен Қызметтер Сатып алу және Техникалық Есептілікке Қатысты Ережелеріне сәйкес

жүргізіледі. Заемшы Заемның қаражатынан қаржыландырылатын келісім-шарттар жасасу алдында және де оларға болашақта кез келген елеулі өзгерістер енгізу алдында Қордың мақұлдауын алады.

2.04-Бөлім

2004 жылдың 30 маусымы немесе Қор белгілейтін осындай неғұрлым кеш мерзім Қорытынды күн болып табылады. Қор осындай неғұрлым кеш мерзім туралы Заемшыны дереу хабардар етеді.

2.05-Бөлім

Заемшы шоттан алынған және ол бойынша дүркін-дүркін төлемге ұсынылмаған сомасы бар Заемның негізгі сомасы бойынша жылына үш пайыз ставкамен Заем бойынша Пайыздар төлейді.

2.06-Бөлім

Заем бойынша Пайыздар және басқа да сома әрбір жылдың әрбір жарты жылында 31 мамырында және 30 қарашасында төленеді.

2.07-Бөлім

Ұзақтығы бес жыл жеңілдікті кезеңді қоса алғанда, Заемның мерзімі жиырма жылды құрайды. Заемшы осы Келісімге N (3) Қосымшасында ұсынылатын Борышты Өтеу Кестесіне сәйкес Заемның негізгі сомасын бөліп-бөліп өтейді.

III БАП

Жобаны орындау

3.01-Бөлім

(a) Заемшы Жобаны тиісті талаптарды сақтап және қолданылып жүрген техникалық, қаржылық және әкімшілік іс-тәжірибеге сәйкес белгіленген нәтижелерге қол жеткізе отырып, Министрлік арқылы орындайды және қажет болған жағдайда Жобаның мақсаты үшін қажетті қаражатты, объектілерді және басқа да ресурстарды дереу береді немесе берілуін қамтамасыз етеді.

(b) Заемшы Министрлікке осылайша және қажет болған кезде осы Заемның қаражатына Жобаны орындау үшін талап етілетін қосымша басқа барлық қаражатты (оның ішінде, Жобаны жүзеге асыруға арналған осы Келісімге қол қою сәтінде оған жұмсалатын сметалық шығындардан тыс шығындарды кез келген ұлғайтуды жабуға қажет болуы ықтимал кез келген қаражат) дереу береді. Барлық осындай сомалар Қор үшін ыңғайлы шарттар мен ережелер негізінде

беріледі.

3.02-Бөлім

Заемшы оларды дайындағаннан кейін дереу Қорға жоспарларды, техникалық жағдайларды, есептерді, келісім-шарттың құжаттарын және құрылыс жұмыстарының және Жоба үшін сатып алулардың кестелерін және Қор олар туралы сұратқан кез келген оларды өзгерістер мен оларға толықтыруларды Қор олар туралы сұратқан мейлінше егжей-тегжейлікпен ұсынады.

3.03-Бөлім

Жобаны орындауға бақылау жасау үшін Заемшы біліктілігі мен тәжірибесі Қордың жұмысы үшін ыңғайлы консультант-мамандарды тағайындайды.

3.04-Бөлім

Жобаны орындау кезінде Заемшы Қорға қолайлы шарттар мен ережелерде Қорға қолайлы мердігерлерді жалдайды.

3.05-Бөлім

Заемшы Жобаны жүзеге асыруға арналған шығындардағы өзінің үлесін өтеу үшін тиісті жылдық бюджеттік аударымдар жасауға міндеттенеді. Заемшы Жобаны жүзеге асыруға жұмсалатын шығындардың жергілікті компонентін қамтамасыз етуге м і н д е т т е н е д і .

3 . 0 6 - Б ө л і м

Заемшы Заем қаражатынан қаржыландырылатын, әкелінетін тауарларды, оларды сатып алуға, пайдалану немесе орнату жеріне тасымалдауға және жеткізуге байланысты қатерден сақтандыруды қамтамасыз етеді және осындай сақтандыру бойынша кез келген өтемі Заемшының осындай тауарларды алмастыруға немесе жөндеуге еркін пайдаланатын валютада төленуі тиіс.

3 . 0 7 - Б ө л і м

Заемшы Заем қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызмет көрсетулерді тек қана Жобаның орындауға пайдалануды қамтамасыз етеді.

З а е м ш ы :

а) Жобаның орындалу барысын көрсету (оның шығыстарын қоса алғанда), Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер және Жобада олардың пайдаланылуын ашу және Жобаға қатысты барлық операцияларды, ресурстарды және шығыстарды көрсету жөнінде белгіленген талаптарға жауап беретін ж а з б а л а р д ы жү р г і з у г е ;

б) Қордың тіркелген өкілдеріне Заемға байланысты Жобаның орындалуын тексеру үшін іссапарға шығу, Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді пайдалануды тексеру үшін іссапарға шығу мақсатында барлық қажетті мүмкіндіктерді және осы мәселелерге қатысы бар кез келген жазбалар мен құжаттарды ұ с ы н у ғ а ;

с) Жобаға, Заем қаражатының жұмсалыуына және осындай қаражаттан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге қатысты Қор негіздеп сұрайтын барлық осындай ақпаратты Қорға ұсынуға міндетті.

3.09-Бөлім

Заемшы Жобаның орындалуы үшін талап етілетін барлық осындай жер учаскелерін және жер учаскелері жөніндегі құқықты сатып алуға қажетті барлық шараларды қолданады.

IV БАП

Айрықша міндеттемелер

4.01-Бөлім

а) Заемшы және Қор ешқандай сыртқы борыш мемлекеттік мүлік бойынша пайда болатын борыштар үшін мүлікті ұстап қалу құқығы түрінде Заемға байланысты қандай да болмасын артықшылық құқықты пайдалана алмайды. Осы мақсатта Заемшы, Қор өзгеше шешім қабылдамаған жағдайлардан басқа, егер Заемшының қандай да болмасын мүлкіне байланысты кез келген сыртқы борышты қамтамасыз ету ретінде қандай да болмасын борышы үшін мүлікті ұстап қалу құқығы пайда болса, осындай құқық сол фактінің өзіне байланысты және Қордың Қордың тарапынан шығын шығармай-ақ тең және мөлшерлес түрде Заемның негізгі сомасын, Заем бойынша

Проценттерді және заем бойынша басқа да сомаларды төлеуді қамтамасыз ететіндігіне және кез келген осындай құқық пайда болған жағдайда осы мағынасына тура тұжырымдалған ереже ұсынылатынына кепілдік береді.

б) Осы Бөлімнің (а) Тармағында қарастырылып отырған міндеттеме:

(i) тек осындай мүліктің сатып алу бағасын төлеуді қамтамасыз ету ретінде ғана оны сатып алу сәтінде мүлікке қатысты пайда болған борыш үшін қандай да болмасын мүлікті ұстау құқығына;

(ii) бастапқы кезде пайда болған күннен кейін өтеу мерзімі бір жылдан кешіктірмей басталатын және осындай тауарларды сатудан түскен қаражаттан төлеуге жататын борышты қамтамасыз ету үшін сауда-саттыққа арналған тауарлар бойынша борыш үшін қандай да болмасын мүлікті ұстау құқығына; немесе

(iii) банк операцияларының әдеттегі барысында туындаған борыш үшін және өтеу мерзімі оның өтеу күнінен кейін бір жылдан кешіктірмей басталатын борышты қамтамасыз ететін борыш үшін қандай да болмасын мүлікті ұстау құқығына қолданылмайды.

4.02-Бөлім

Заемшы Жобаны тиісті техникалық стандарттарға сәйкес жүргізуге және осындай мақсаттар үшін талап етілетін қаражатты бөлу үшін қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.

4.03-Бөлім

Заемшы Қордың Жобаны қаржыландыруда қосқан үлесін көрсету үшін Жобаға енгізілген объектілердің бірінде көрнекі жерге орнатуға бетоннан немесе өзге де ыңғайлы материалдан жасалған қажетті көлемдегі Мемориалдық Тақтаны әзірлеуге міндеттенеді.

4 . 0 4 - Б ө л і м

Заемшы ұтымды бухгалтерлік тәжірибеге сәйкес Министрліктің және басқа да Ведомстволардың және Жобаны немесе Жоба жөнінде оның қандай да болмасын бөлігін орындауға жауапты Мекемелердің операцияларды, ресурстарды және шығыстарды көрсету жөніндегі белгіленген талаптарға жауап беретін жазбаны жүргізеді немесе жазбаны жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жоба аяқталғаннан кейін дереу, бірақ Қорытынды Күннен немесе осы мақсаттар үшін Қор белгілеуі мүмкін болып табылатын осындай неғұрлым кеш мерзімнен кейін кемінде он екі айдан кешіктірмей кез келген жағдайда, Заемшы Жобаның мақсаты болып табылатын объектінің орындалғандығы және бастапқы пайдалана басталғандығы, оны жүзеге асыруға арналған шығыстар

және одан алынған және алынған алынуға тиісті оң нәтижелер, Заемшының Заем туралы келісімге сәйкес оның міндеттемелерін орындағаны және Заемның мақсаттарына қол жеткізілгендігі туралы Жобаның тиісті нысанда және олар туралы Қор сұратқан егжей-тегжейлі түрде Аяқталғандығы туралы Есепті дайындайды және Қорға ұсынады.

V БАП

Қордың Құқық Қорғау Құралдары

5.01-Бөлім

Жалпы Шарттардың 6.02-Бөлімінің мақсаттары үшін оның f Тармағына сәйкес мынадай қосымша жағдайлар көрсетіледі:

i) осы Тармақтың (ii) Тармақшасын ескере отырып:

А) Заемшыға Жобаны қаржыландыру үшін берілетін кез келген заем немесе грант қаражатын осыны көздейтін Келісімнің шарттарына сәйкес шоттан алу құқығы, тоқтатылған, жойылған немесе толық немесе ішінара доғарылған, немесе

В) кез келген мұндай Заем келісілген төлем мерзімі басталғанға дейін тиесілі болады және төленуге жатады.

ii) Егер Заемшы Қор үшін ыңғайлы түрде мыналарды:

А) келісілген мерзім басталғанға дейін мұндай тоқтата тұру, жою, доғару немесе төлем осындай Келісімге сәйкес Заемшы тарапынан өзінің міндеттемелерін орындамауынан туындамаған, және

В) Жоба үшін тиісті қаражат Заемшыға осы Келісімге сәйкес Заемшының

міндеттемелеріне қайшы келмейтін шарттар мен ережелер негізінде басқа көздерден берілмеген екендігін анықтайтын болса, осы Тармақтың (i) Тармақшасы қолданылмайды.

5.02-Бөлім

Жалпы Шарттардың 7.01-Бөлімінің мақсаттары үшін олардың (d) тармақшасына сәйкес мынадай жағдайда; атап айтқанда: осы Келісімнің 5.01-Бөлімінің (i) (B) тармақтарында көрсетілген жағдайлардың кез келген оқиғасы орын алғанда көрсетіледі.

VI БАП

Күшіне Енгізілетін - Іс-әрекетін Доғаратын Күні

6.01-Бөлім

Осы бойынша Жалпы Шарттардың 12.04-Бөлімінің мақсаттары үшін Келісімге қол қойылған күннен бастап ұзақтығы алты ай болатын уақыт аралығы көрсетіледі.

VII Бап

Заемшының Өкілі, Мекен-жайы

7.01-Бөлім

Жалпы Шарттардың 11.03-Бөлімінің мақсаттары үшін Заемшының Өкілі болып Заемшының Қаржы Министрі тағайындалады.

7.02-Бөлім

11.01-Бөлімінің мақсаттары үшін Жалпы Шарттардың мынадай мекен-жайлары көрсетіледі:

Қордың мекен-жайы:

The Saudi Fund for Development

P.O.Box 50483

Riyadh

KINGDOM OF SAUDI ARABIA

Сауд Даму Қоры

50483 Почта Абонементтік Жәшігі

Эр-рияд 11523

САУД АРАБИЯСЫ КОРОЛЬДІГІ

Telex: 401145 SUNDQQ SJ

Fax: +996-1-4647450

Телекс: 401145 SUNDQQ SJ

Факс: +996-1-4647450

Заемшының мекен-жайы:

Ministry of Finance
Astana, 473000
33, Pobeda Avenue

Қаржы министрлігі
473000 Астана
Жеңіс даңғылы, 33

THE REPUBLIC KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Fax: 7 (3172) 117078/117063/117091 Факс: 7 (3172) 117078/117063/117091

Қол қоюға тиісті түрде уәкілеттік берілген өз өкілдері арқылы осы Келісімдегі Тараптар ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН өз атынан осы Келісімге Сауд Арабиясы Корольдігінде, Эр-Рияд қаласында қол қоюды, жоғарыда бас жағында көрсетілген күннен, айдан және жылдан олардың барлығы да бірдей әрекет ететін түпнұсқасы араб тіліндегі екі данада қамтамасыз етілді және Жалпы Шарттардың көшірмесі Заемшыға жіберілді.

САУД ДАМУ ҚОРЫ ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Құжаттарға қол қоюға уәкілетті Құжаттарға қол қоюға уәкілетті
ресми тұлғаның қолы ресми тұлғаның қолы

Қаржы бірінші вице-министрі

№ (1) Қосымша

Заем Қаражатын Шоттан алу

(А) Төменде келтірілген кестеде Заем қаражатының қаржыландырылатын БАПтардың санаты, әр Санат бойынша Заем сомасын бөлу және осылайша әр санат бойынша қаржыландырылатын БАПтар бойынша шығыстардың проценттері көрсетіледі:

Санаттары	Санаттар үшін	Қаржыландырылатын
	арналған заем	Шығыстардың
	сомасы (Сауд	проценттері

Арабиясы
риалымен)

1 Жолды, су жіберетін
құбырлар, дренаждық жүйелер
мен жол желілерін қайта
құру және жайластыру 32,250,000.00 жалпы шығыстардың
жөніндегі инженерлік- 16,35%
құрылыс жұмыстары

(Жобаның "А" Бөлімі)

2 Жұмыс барысын қадағалау
жөніндегі консультациялық 5,250,000.00 жалпы шығыстардың
қызмет көрсетулер 100%

(Жобаның "В-2" Бөлімі)

3 Бөлінбеген Сума 7,500,000.00

Барлығы: 45,000,000.00

(В) Жоғарыда келтірілген (А) Тармағының ережелеріне қарамастан,
мыналар бойынша:

1) Осы келісімнің күніне дейін орын алатын шығыстарға;

2) Заемшының немесе Заемшының аумағында тауарларға немесе қызмет көрсетулерге, немесе оларды әкелуге, өндіруге, сатып алуға және жеткізіп беруге өндіріп алынатын салықтарға ешқандай қаражат алу жүргізілмейді.

(С) Егер Қордың негізделген бағалауы бойынша Санаттар үшін осы жағдайға арналған Заемның сомасы осы Санаттағы барлық шығыстардың келісілген процентін қаржыландыруға жеткіліксіз болса, Заемның немесе жоғарыда (А) тармағындағы кестеде көрсетілген төлеу процентінің сомасына бөлуге қарамастан, Қор Заемшыны
х а б а р д а р е т е о т ы р ы п :

(i) Заемның осы жағдайда бөлінбеген күйінде қалған немесе басқа санатқа арналған және басқа да шығындардың орнын толтыруға, Қордың пікірінше қажеті жоқ қаражатын бағалауға сәйкес жетіспеушіліктің орнын толтыруға талап етілмеген көлемде осындай Санатқа жатқыза отырып қайта бөлуді жүргізуі, және;

(ii) егер осындай қайта бөлу бағалауға сәйкес жетіспеушілікті толығымен өтей алмайтын болса, Санат бойынша қаражаттың шоттан одан әрі алынуы ол бойынша барлық шығыстардың жұмсалып біткеніне дейін жалғаса беруі үшін осындай шығыстарға осы жағдайда қолданылатын төлемнің проценті төмендетілуі мүмкін.

N (2) Қ о с ы м ш а
Ж о б а н ы ң с и п а т т а м а с ы

Жобаның мақсаты жалпы ұзындығы 183 км құрайтын Қарағанды-Астана Жолын қайта құру және жайластыру болып табылады; олардың шамамен 140 км екі қозғалыс алабы болады, сонымен бірге жол бойындағы бірқатар қалаларға кіреберістегі учаскелерінде жолдың қалған бөлігінің төрт алабы болады. Жекелеген алаптың ені 3,75 м құрайды және жолдың әрбір жағындағы жиегінің ені - 3,75 м және қозғалыстың екі алабы бөлігінде жолдың жалпы ені 15 м құрайды, сонымен бірге төрт алапты жолдың ені 27,5 м (оның ішінде аралық учаске 5 м) құрайды. Сол сияқты жоба су өткізетін құбырларды, дренаж жүйесін және жол құбырларын қайта құруды қамтиды.

Ж о б а м ы н а д а й е к і б ө л і к т е н т ұ р а д ы :

A. Су өткізу құбырларын, дренаждық жүйені және жол құбырларын қоса

алғанда жолды қайта құру және жайластыру жөніндегі инженерлік құрылыс жұмыстары.

B. Мынадай жол учаскелерін қамтитын жұмыстардың жүргізілу барысын бақылау жөнінде консультациялық қызмет көрсету:

- 1) Қарағанды - Осакаровка
- 2) Осакаровка - Астана

C. Жобаны орындауда ағымды бақылауды жүзеге асыруға міндеттенетін Жобаны Орындау тобы.

D. Болашақта жолға техникалық жағынан қызмет көрсету және оны ағымдағы жөндеу жүргізу үшін құралдармен қамтамасыз ету.

Жобаны жүзеге асыруға жұмсалатын шығындардың жалпы сомасы бағалауға сәйкес 67,9 миллион АҚШ долларын құрайды. Сауд Арабиясы риалымен қайта есептегенде шамамен 254 миллионды құрайды.

Жобаны 2003 жылдың 31 желтоқсанына қарай аяқтау ұйғарылып отыр.

Негізгі соманы өтеу

Жарна N	Төлем күні	Сауд Арабиясы риалымен жарна сомасы
1	2005 жыл 30 қараша	1,500,000/00
2	2006 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
3	2006 жыл 30 қараша	1,500,000/00
4	2007 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
5	2007 жыл 30 қараша	1,500,000/00
6	2008 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
7	2008 жыл 30 қараша	1,500,000/00
8	2009 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
9	2009 жыл 30 қараша	1,500,000/00
10	2010 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
11	2010 жыл 30 қараша	1,500,000/00
12	2011 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
13	2011 жыл 30 қараша	1,500,000/00
14	2012 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
15	2012 жыл 31 қараша	1,500,000/00
16	2013 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
17	2013 жыл 30 қараша	1,500,000/00

18	2014 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
19	2014 жыл 30 қараша	1,500,000/00
20	2015 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
21	2015 жыл 30 қараша	1,500,000/00
22	2016 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
23	2016 жыл 30 қараша	1,500,000/00
24	2017 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
25	2017 жыл 30 қараша	1,500,000/00
26	2018 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
27	2018 жыл 30 қараша	1,500,000/00
28	2019 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
29	2019 жыл 30 қараша	1,500,000/00
30	2020 жыл 31 мамыр	1,500,000/00
Барлығы		45,000,000/00

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК